

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ПАСПОРТЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 14 ақпан 1994 ж. N 182

Лауазымды адамдарға шетелге іссапарға баруға арналған қызметтік паспорт беруді ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты туралы Ереже бекітілсін (қоса б е р і л і п о т ы р ) .

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қызметтік паспортты берген кезде аталған Ережені қатаң басшылыққа алатын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң  
1 9 9 4 ж ы л ғы 1 4 а қ п а н д а ғы  
N 1 8 2 қ а у л ы с ы м е н  
Бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң қ ы з м е т т і к  
п а с п о р т ы т у р а л ы

### Ереже

1. Қызметтік паспорт Қазақстан Республикасы азаматының ол шетелге жол жүргенде, шетелде тұрып жатқанда және Қазақстан Республикасына келерде жеке басын куәландыратын құжат болып табылады.

2. Қызметтік паспорт Қазақстан Республикасынан дүние жүзінің барлық мемлекеттеріне бару үшін жарамды.

3. Қызметтік паспорт Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады және оны осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық басқармасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері береді.

4. Қызметтік паспорттың үлгісін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгіленген тәртіппен бекітеді.

5. Қызметтік паспорт 5 жыл мерзімге беріледі. Оның қолданыста болу мерзімін Қазақстан Республикасы Сыртқы істерінің Консулдық басқармасы мен оның шетелдік



Бұл шектеулер қызметтік паспортты Қазақстан Республикасының аумағында оның шетелдегі ұзақ мерзімді іссапарға жүрген азаматы Қазақстан Республикасына келген кезінде пайдаланатын жағдайларға таратылмайды.

Ескерту. Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты даярланып, айналымға қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтығына жататыны туралы белгі соғылған бұрынғы КСР Одағының қызметтік паспорты күшін сақтайды деп саналсын.

### **Қосымша**

**Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда берілген - ҚРМЖ-нің 1994.12.13. N 1407 қаулысына сәйкес.**

### **Қызметтік істер бойынша шетелге барар кезде қызметтік паспорт алуға құқы бар Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының Тізбесі**

Қазақстан Республикасы Президентінің аймақтардағы өкілдері, Қазақстан Республикасының Президенті Аппараты, Жоғарғы Кеңесінің Аппараты басшыларының Министрлер Кабинеті Іс Басқарушысының, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі орынбасарларының, Мемлекеттік кеңесшілерінің, Қауіпсіздік Кеңесі мен Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес хатшыларының көмекшілері

Қазақстан Республикасының Президенті Аппараты, Жоғарғы Кеңесінің Аппараты мен Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының бөлім меңгерушілерінің орынбасарлары, сектор меңгерушілері, консультанттары, бас сарапшылары, аға сарапшылары мен сарапшылар, аға референттері мен референттері

Қазақстан Республикасының министрлерінің орынбасарлары, мемлекеттік комитеттері (комиссиялары) төрағаларының орынбасарлары, Министрлер Кабинеті жанындағы комитеттердің (комиссиялардың), бас басқармалардың, агенттіктердің, ведомстволар мен бірлестіктердің бірінші басшыларының орынбасарлары

Қазақстан Республикасының министрлерінің, мемлекеттік комитеттерінің (комиссияларының), Министрлер Кабинеті жанындағы комитеттердің (комиссиялардың), бас басқармалар мен агенттіктер басқармаларының, бөлімдерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары. Қазақстан Республикасының министрлері мен мемлекеттік комитеттері (комиссиялары) төрағаларының көмекшілері

Қазақстан Республикасының мемлекеттік акционерлік және холдинг компанияларының, мемлекеттік кәсіпорындарының басшылары мен басшыларының орынбасарлары.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Конституциялық соты, Жоғары төрелік соты аппаратының басшылары, бөлім меңгерушілері және олардың

о р ы н б а с а р л а р ы .

Қазақстан Республикасының облыстары, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің орынбасарлары, әкімшіліктер аппаратының басшылары мен олардың орынбасарлары, басқарма бастықтары мен олардың орынбасарлары, комитеттерінің төрағалары мен олардың орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен олардың о р ы н б а с а р л а р ы

Қазақстан Республикасының қала әкімдері, әкімдерінің орынбасарлары, әкімшіліктер аппаратының басшылары, басқарма бастықтары мен олардың орынбасарлары, комитеттерінің төрағалары мен олардың орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен олардың орынбасарлары

Қазақстан Республикасының аудан әкімдері, әкімдерінің орынбасарлары

Қазақстан Республикасы мемлекеттік банкілерінің төрағалары мен олардың орынбасарлары, басқарма бастықтары мен олардың орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен олардың орынбасарлары

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс министрлігі мен әскери комиссариаттарының офицерлік атағы бар қызметкерлері, Бас Прокуратурасының аттестацияланған прокурор-тергеуші қ ы з м е т к е р л е р і

Елшіліктердің, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдардағы өкілдіктерінің, консулдық мекемелердің, Қазақстан Республикасының шетелдегі сауда өкілдіктерінің әкімшілік-техникалық құрамы, сондай-ақ, "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясының, "Саяхат" авиакомпаниясының, Қазақстанның басқа авиакомпанияларының мемлекеттік және үкімет делегацияларының халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге тартылатын ұшу-техникалық құрамдары.

**Ескерту. 12-ші абзац толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1995.31.10. N 1414 қаулысымен .**